

Кенеспаева Лаура Байырбеккызының

«6D060900 – География» мамандығы бойынша
философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін дайындалған

диссертациясына АҢДАТПА

Алматы қаласының қалалық орта сапасының аумақтық дифференциациясын бағалау

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі жағдайда халықтың өмір сүру сапасы мен жайлылық деңгейіне қойылатын талаптардың, әсіресе урбанизацияланған аумақтарда күшейіп келе жатқандығымен анықталады. Қалалардың және елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, төзімділігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге БҰҰ-ның Тұрақты даму концепциясындағы «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» деп аталатын 11-мақсаты арналған.

Айта кету керек, еліміздің ірі қалаларының жедел өсуімен және кейбір өңірлердегі қалалық халықтың таза көшіп кетуімен байланысты бірқатар сын-тегеуріндер бар. Бұл жағдайлар Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында (1.4-тармақ – Жайлы орта) атап өтілген және урбанизацияланған аумақтарда дер кезінде реформалар жүргізуді талап етеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары жеті негізгі жүйелік реформа мен жеті басым саясат төңірегінде құрылған, олар елдің экономикасы мен әлеуметтік өмірінде 2025 жылға дейін жүзеге асырылады. Елдің әлемдегі 30 дамыған мемлекеттің қатарына қосылуы жолындағы прогресті өлшеу үшін ұлттық негізгі индикаторлар мен халықаралық индекстер анықталған, олардың ішінде 5-пункт – Күшті өңірлер және урбанизация болып табылады. Сонымен қатар, тұрғын үйдің қолжетімділігі мен жайлылығын арттыруға, тұрғын үй инфрақұрылымын дамытуға бағытталған «Нұрлы жер» сияқты бірқатар мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда. Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру және экономикалық өсуді ынталандыру мақсатында тиімді әрі бәсекеге қабілетті көлік инфрақұрылымын құру, көліктің пайдалану және экологиялық қауіпсіздігін арттыру мәселелері 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған.

«Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» бағдарламасы қаланың барлық аудандарында жайлы қалалық ортаны қалыптастыру және өмір сүру сапасын арттыру басты мақсат ретінде айқындалған. Осыған байланысты Алматы қаласындағы қалалық ортаның сапасы мәселелерін зерттеу мен оның деңгейін бағалау бүгінгі күні өзекті болып отыр.

Бұл мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар Қазақстан қалаларындағы өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды жұмыстардың бір бөлігі болып табылады және олар тек экономикалық өсімді ғана емес, сонымен қатар

экологиялық жағдайды жақсартуға әрі қалалық тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға да септігін тигізеді.

2024 жылғы деректер бойынша Қазақстан Республикасындағы қалалық халықтың үлесі 62%-ды құрайды және өсімінің оң динамикасы байқалады, себебі 2009–2023 жылдар аралығында бұл көрсеткіш 43%-ға, яғни 3 725,6 мың адамға артқан. Бұл өз кезегінде қалалық ортаны басқару үдерістерін жетілдіруді, оның ішінде оны қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімдеу мен жаңғыртуды қажет етеді. Мұндай басқарудың ерекшелігі қалалардың күрделі және қайшылықты табиғатымен, сондай-ақ қалалық шаруашылық пен экономиканың, экологияның, қауіпсіздіктің, көші-қон ағындарының, құрылыс пен тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымының және коммуникацияның, әлеуметтік саланың, кеңістіктік дамудың және басқа да көптеген салалардың мәселелерінің кең ауқымымен айқындалады. Аталған мәселелер қалалық ортаның сапасының аумақтық дифференциациясын айқындау мақсатында кешенді географиялық талдауды талап етеді, ал оларды шешу қажеттілігі ірі қалалардың дамуын басқару мен олардың қалалық ортасының сапасын арттыру жөніндегі негізгі міндеттердің қатарына кіреді.

Осы тұрғыда қалалық ресурстардың кеңістікте таралуының халықтың өмір сүру сапасына әсері туралы мәселе ерекше өзекті болып отыр. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай ғылыми мәселе туындайды: Алматы қаласындағы қалалық ортаның сапасының аумақтық дифференциациясын қандай факторлар анықтайды және қалалық ресурстар мен қызметтердің кеңістікте таралуының халықтың өмір сүру сапасының аумақтық айырмашылықтарына қалай әсер етеді? Бұл мәселе алдағы зерттеулерге негіз болып, егжей-тегжейлі талдауды талап ететін негізгі аспектілерді анықтауға және оларды шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді.

Алматы қаласы — Қазақстан Республикасындағы республикалық маңызы бар қала мәртебесіне ие ең ірі қала және оның халқы 2024 жылдың соңына қарай 2 286,3 мың адамды құрады. Ол әртүрлі аумақтарда әртүрлі қалалық жағдайларды тудыратын және қала ортасындағы өзгерістерді талдаудың қызықты объектісі болып табылатын қолайсыз экологиялық жағдайлар, урбанизацияның жоғары қарқыны, қалалық инфрақұрылымның жылдам дамуы, жасыл аймақтардың жетіспеушілігі және басқа да мәселелермен бетпе-бет келуде.

Тақырыптың ғылыми маңыздылығы Қазақстан қалаларындағы қалалық ортаның сапасының аумақтық дифференциациясы жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігімен, сондай-ақ қалалық ортаның сапасын бағалаудың бірыңғай жүйесінің болмауымен айқындалады. Урбанистика саласындағы бар зерттеулерге қарамастан, қазіргі заманғы географиялық әдістер мен құралдарды пайдалана отырып, біркелкі емес қалалық орта сапасын кешенді бағалау мәселесі әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Аталған зерттеу Алматы қаласының әртүрлі аудандарындағы қалалық ортаның сапасына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға және оны жақсартуға арналған практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың ғылыми зерттелу дәрежесі. Қалалық ортаның сапасы мен оның аумақтық дифференциациясы мәселелері урбанистика, әлеуметтік география, экология, экономика және әлеуметтану сияқты ғылым салаларында көптеген зерттеушілердің ғылыми қызығушылығына ие болып отыр. Қалалық ортаны зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін дамытуға – Анциферов Н.П., Mamford L., Лаппо Г.М., Джейн Джекобс, Нефедова Т.Г., Трейвиш А.И., И. Браде, А.Г. Махрова, Т.Г. Харви Д., Айтқазина З.Н., Надыров Ш.М., Нюсупова Г.Н., Сәрсенова И.Б., Передерий А.А., Harvey D., Castells M., Massey D., Florida R., Suvorov D.M., Suvorova L.A., Pestova I.V., Baibakova T.V., Garau C., Pavan V.M., Энгельгардт А.Э., Липовка А.Ю., Федченко И.Г., Polyakova T., Tsurik T., Rouli J., Kusumastuti R.D., Hegazy I., Helmi M., Qurnfulah E., Naji A., Ibrahim H.S., Oppio A., Bottero M., Arcidiacono A., Antonina Shepeleva, Ksenia Shelest, Sergey Maksimov, Takhir Aliyev, Tatiana Zabolotskaya, Нұрланова Н.К., Альжанова Ф.Г., Сатпаева З.Т., Каймулдинова К., Алиаскаров Д., Муздыбаева К. сияқты шетелдік және отандық ғалымдар және т.б. елеулі үлес қосты.

Аталған зерттеулер экологиялық әл-ауқат, әлеуметтік-экономикалық даму және инфрақұрылымды қамтамасыз етуді қоса алғанда, қалалық ортаның негізгі аспектілері талданады. Алайда қазақстандық контексте, соның ішінде Алматы қаласын қоса алғанда, ірі мегаполистердегі қалалық ортаның сапасының аумақтық дифференциациясы жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Бұл жағдай Алматы қаласының қалалық ортасының ерекшеліктерін ескеретін бейімделген талдау әдістерін қолдану қажеттілігін анықтайды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты. Қала құрылысын зерттеудің ғылыми негіздерін әзірлеу және Алматы қаласының қалалық ортасының сапасын саралаудағы кеңістіктік-уақыттық айырмашылықтарын бағалау.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу барысында **келесі міндеттер** қойылды және шешілді:

1. Қалалық ортаның сапасын бағалауға арналған бар әдістемелік тәсілдерге талдау жасап, оларды Алматы қаласының ерекшеліктеріне бейімдеу.

2. ГАЖ технологиялары мен статистикалық және әлеуметтік талдау әдістерін пайдалана отырып, қалалық ортаның сапасын кешенді бағалау және қала ортасының аумақтық саралау әдістемесін әзірлеу.

3. Алматы қаласы аумағындағы қалалық ортаның сапасындағы айырмашылықтарды айқындайтын негізгі факторларды анықтау.

4. ҚОС (қалалық орта сапасы) бағалау нәтижелері мен халыққа жүргізілген әлеуметтік сауалнама қорытындылары бойынша 2010–2022 жылдар аралығында Алматы қаласы аудандары бойынша қалалық ортаның сапасының аумақтық дифференциациясына кешенді бағалау жүргізу

5. Алматы қаласы аудандары бойынша анықталған аумақтық сәйкессіздіктерді ескере отырып, қалалық ортаның сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі табиғи, инфрақұрылымдық және әлеуметтік құрамдас бөліктерін қоса алғандағы Алматы қаласының қалалық ортасы

Зерттеу пәні 2010–2022 жылдар аралығындағы Алматы қаласындағы қалалық ортаның сапасының аумақтық дифференциациясы және оның негізгі анықтаушылары.

Зерттеудің әдіснамалық негізі. Зерттеу индекстік талдау әдістерін, кеңістіктік типологияны, SWOT талдауын, картографиялық және статистикалық талдауды және географиялық ақпараттық технологияларды (ГАЗ) пайдалануды қамтитын кешенді тәсілге негізделген. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының, ҚР оқу-ағарту министрлігінің, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, «Қазгидромет» РМК-ның ресми деректері, Ұлттық статистика бюросының ТДМ (Тұрақты даму мақсаттары) ұлттық есептілік платформасы, ғылыми монографиялар, ғылыми журналдардағы мақалалар, интернет-ресурстар, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, Алматы қаласы тұрғындарына жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері және қалалық ортаның жай-күйін сипаттайтын аналитикалық материалдар пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Алматы қаласындағы қалалық ортаның сапасының аумақтық дифференциациясын бағалауға арналған геокеңістіктік, статистикалық және әлеуметтік талдау әдістерін қамтитын кешенді тәсілді әзірлеу және қолданумен айқындалады. Зерттеу нәтижелері қалалық ортаның сапасына әсер ететін негізгі факторларды неғұрлым дәл анықтауға және оларды жергілікті деңгейде басқаруға арналған құралдарды ұсынуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Бұл зерттеу қалалық ортаның аумақтық дифференциациясы теориясын дамытуға үлес қосып, оны жаңа әдістемелік тәсілдермен және талдау құралдарымен толықтыруға ықпал етеді. Қалалық ортаның сапасын бағалау бойынша әзірленген әдістеме тұрақты қалалық даму тұжырымдамаларын әзірлеуге негіз бола отырып, урбанистика, география және өзге де сабақтас ғылымдар саласындағы болашақ ғылыми зерттеулерде қолданылуы мүмкін.

Практикалық құндылығы мен маңыздылығы: Алынған нәтижелерді мемлекеттік және жергілікті басқару органдары қалалық ортаны жақсарту және дамыту стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеу, инфрақұрылымдық жобаларды жоспарлау, сондай-ақ білім беру және ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалана алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қалалық ортаның сапасын әлеуметтік-демографиялық, экономикалық, экологиялық және инфрақұрылымдық факторларды біріктіре отырып бағалауға негізделген индикаторлар жүйесі Алматы қаласындағы қалалық ортаның сапасының аумақтық дифференциациясын объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

2. Қалалық ортаның сапасына кеңістіктік баға беру барысында объективті және субъективті зерттеу әдістерінің нәтижелерін салыстырмалы талдау арқылы қаланың аудандары арасындағы негізгі аумақтық теңсіздіктер анықталады. Бұл

өз кезегінде нақты аумақтарға бағытталған даму стратегияларын әзірлеуді талап етеді.

3. Геоақпараттық технологияларды (ГАЗ) қолдана отырып қалалық ортаны оңтайландыру бойынша әзірленген ұсыныстар аумақтық айырмашылықтарды егжей-тегжейлі мониторингілеуге, қалалық ортаның даму сценарийлерін модельдеуге және Алматы қаласының әлеуметтік, экологиялық және инфрақұрылымдық компоненттерінің сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың мақұлдануы. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері келесі ғылыми-тәжірибелік конференцияларда ұсынылып, баяндалды:

«Фараби әлемі» халықаралық студенттер мен жас ғалымдар конференциясы (Алматы, 2018, 2019); «XXI ғасырдағы әлемдік шаруашылық: жаһандану және аймақтану» Халықаралық конференциясы (Мәскеу, 2020); «Әлемдік экономикадағы цифрлық сын-қатерлер: Еуразиялық перспектива плюс» Халықаралық конференциясы (Мәскеу, 2020); Халықаралық жастардың ғылыми-тәжірибелік конференциясы (Мәскеу, РХДУ, 2021); Воронеж мемлекеттік университетінің хабаршысы (Воронеж, 2023); әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы (Алматы, 2023); «Қалалардың тұрақтылығы: сын-тегеуріндер мен шешімдер» Халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 2024); «Қала және оның айналасы: заманауи сын-тегеуріндер және даму келешегі» Халықаралық ғылыми конференция (Мәскеу, 2024).

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы. Диссертациялық тақырып бойынша барлығы 14 ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде: Scopus және Web of Science деректер базасына кіретін рейтингтік журналдарда 3 мақала; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала; Халықаралық конференция материалдарында 7 мақала; 1 монография жарық көрген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін енгізу туралы актісі алынды.

Жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, 123 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 6 қосымшадан тұрады. Жұмыс 138 бет көлемінде жазылған, 44 сурет пен 17 кестені қамтиды.